

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Инженерия факультеті
Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің

№9 хаттама

Кентау қаласы

15. 05. 2025 ж.

Қатысқандар: факультет деканы Нажи Генч, факультеттің Оқу-әдістемелік комитет төрағасы, доцент Г.Ж.Ниязова, Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Ж.С.Калимбетова, кафедра меңгерушілері: техн.ғ.к., доцент З.Қ.Абдикулова, техн.ғ.к., доцент Г.Н.Қазбекова, кафедралардың оқу-әдістемелік жұмыстарына жауапты оқытушылар: О.Д.Меирбекова, Ә.Т.Баялы және ОПҚ.

Күн тәртібі:

- 1 Оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын ендіру барысына мониторинг нәтижелерін талдау
- 2 2025-2026 оқу жылына студенттерге, магистранттарға, докторанттарға арналған бір жылдық жұмыс оқу жоспарларын бекіту
- 3 2024-2029 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспар аясында академиялық жұмысы бойынша жылдық есебін беру (2024-2025 оқу жылы бойынша)
- 4 Бағдарламалық аккредиттеу, институционалдық аккредиттеу, постмониторинг жұмыстары нәтижелері туралы
- 5 Әр түрлі мәселелер
5.1 2025-2026 оқу жылына докторантура білім беру бағдарламасына түсу емтихандары тапсырмаларын бекітуге ұсыну.

Бірінші мәселе оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын ендіру барысына мониторинг нәтижелерін талдау бойынша сөз алған факультет Оқу әдістемелік комитет төрағасы Г.Ниязова факультетте оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын ендіру тәжірибелері белсенді іске асырылатындығын атап өтті. 2024-2025 оқу жылында факультеттің тәжірибелі ПОҚ тарапынан ашық сабақтар ұйымдастырылып өткізілетіндігін айтты. Атап айтқанда, ағымдағы оқу жылында Компьютерлік инженерия кафедрасында -7 ашық сабақ, Электр инженериясы кафедрасында -8 ашық сабақ ұйымдастырылып, жоғары деңгейде өтілген.

Шешім 1.1: Оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын ендіру барысына мониторинг нәтижелері қанағаттанарлық деп саналсын.

Екінші мәселе бойынша сөз алған Г.Ниязова 2025-2026 оқу жылына студенттерге, магистранттарға, докторанттарға арналған бір жылдық жұмыс оқу жоспарларымен таныстырды. Бір жылдық оқу жоспарлары келесі кестеде көрсетілген білім беру бағдарламалары негізінде жасалған.

№	Шифр	ББ тобы	Шифр	ББ атауы
Бакалавриат				
1	B057	Ақпараттық технологиялар	6B06151	Ақпараттық жүйелер
2			6B06182	Компьютерлік инженерия
3			6B06181	Ақпараттарды өңдеу және деректерді визуализациялау
4	B062	Электр техникасы және энергетика	6B07153	Электр энергетикасы

5	B063	Электр техникасы және автоматтандыру	6B07154	Автоматтандыру және басқару
6	B064	Механика және металл өңдеу	6B07189	Машина жасау
Магистратура				
7	M094	Ақпараттық технологиялар	7M06128	Ақпараттық жүйелер
8			7M06146	Компьютерлік инженерия
9	M099	Энергетика және электр техникасы	7M07130	Электр энергетикасы
10	M100	Автоматтандыру және басқару	7M07158	Автоматтандыру және басқару
Докторантура				
11	D094	Ақпараттық технологиялар	8D06115	Ақпараттық жүйелер

Сонымен қатар, мәжіліс төрағасы Г.Ниязова 2025-2026 оқу жылына арналған академиялық күнтізбеде негізгі өзгерістер кәсіби практикалардың жазғы мерзімге ауысуымен байланысты болатындығын айтып, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға арналған бір жылдық жұмыс оқу жоспарларын университет Оқу-әдістемелік комитеті тарапына бекітуге ұсыну қажеттігін айтты. Мәжіліс мүшелері ұсынысты бірауыздан қолдап дауыс берді.

Шешім 2.1:

2025-2026 оқу жылына студенттерге, магистранттарға, докторанттарға арналған бір жылдық жұмыс оқу жоспарлары университет Оқу-әдістемелік комитеті тарапына бекітуге ұсынылсын.

Үшінші мәселе 2024-2029 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспар аясында академиялық жұмысы бойынша жылдық есебін беру (2024-2025 оқу жылы бойынша) бойынша сөз алған Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Ж.С.Калимбетова «Мақсат 1.1. АЯУ корпоративтік басқарудың тұрақтылығын қамтамасыз ету» мақсатын орындаудағы корпоративтік басқаруды дамыту, адам ресурстары мен таланттарды басқарудың институционалдық саясатын әзірлеу мәндеттерін шешу бағытындағы іске асырылған жұмыстар туралы баяндады. «Мақсат 1.2. АЯУ имиджін және беделін нығайту» мақсаты бойынша әлемдегі жетекші отандық рейтингтер мен университеттердің рейтингтеріндегі позицияларды жақсарту, білім, ғылым және денсаулық сақтау саласындағы жетекші отандық және шетелдік ұйымдармен жаһандық серіктестікті қамтамасыз ету, өңірдің, елдің және түркі әлемі елдері қоғамының дамуына ықпалын күшейту бағытында атқарылған жұмыстар туралы ақпарат ұсынды.

Сонымен қатар, «Мақсат 2.1. Аймақтық, ұлттық және халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы дайындау үшін білім беру экожүйесін құру» мақсатының келесі бойынша халықаралық кампусты дамыту және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын интернационалдандыру, білім беру бағдарламаларын тәжірибеге бағытталған талаптарды, отандық және әлемдік стандарттар талаптарын, аймақтық қажеттіліктерді және бейресми оқытуды ескеріп жаңарту, қазіргі заманғы жоғары білім беру талаптарына сәйкес келетін сапалы оқу және ақпараттық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз ету, тұлғалық даму үшін қолайлы жағдай жасау және білім алушылардың қоғамдық белсенділігін арттыру (3-миссия), білім алушылардың интеграцияланған әлеуметтік GPA енгізу міндеттерін шешу бойынша атқарылған жұмыстар туралы есеп ұсынды.

Сөз кезегін алған техн.ғ.к., доцент З.Қ.Абдикулова 2024-2029 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспар аясында академиялық жұмыс бойынша Электр инженериясы кафедрасы бойынша жоспарланған іс шаралардың орындалуының жүйелі қадағалауда екендігін айтты. Сонымен қатар, академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушылардың жалпы санынан кемінде триместр, семестр, оқу жылы мерзіміне шетелге кеткен білім алушылар, академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушылардың жалпы санынан кемінде семестр, оқу жылы мерзіміне шетелден келген білім алушылардың үлесі, ОПҚ-ның сыртқы (келген/кеткен) академиялық ұтқырлығының үлесі, ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушылардың жалпы санынан кемінде семестр, оқу жылы мерзіміне келген/кеткен білім алушылардың үлесі, ОПҚ-ның жалпы санына қарай жұмыс берушілер мен бизнес өкілдерінің үлесі, көптілді студенттік топтардың пайызы бойынша көрсеткіштердің жоспарлы өсімі бар екендігін атап өтті.

Жарыссөзге шыққан техн.ғ.к., қауымдастырылған процессор Г.Казбекова: Оқу процесінде әлемдік цифрлық кітапханаларды пайдаланатын білім алушылардың үлесі 2024 жылы-10% болса, 2025 жылы I жартысында-15%-ды көрсеткен. Білім алушылардың жалпы санынан қоғамдық іс-шаралар мен тренингтерге (университеттік, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық) қатысушылардың үлесі 2024 жылы-5,7% болса, 2025 жылы I жартысында 6,2%-ды көрсеткендігін атап өтті. Ал, оқуды бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі 2024-2025 оқу жылында-78%, Білім алушылардың білім беру қызметтерінің сапасына және экожүйеге қанағаттану дәрежесі - 92% көрсеткендігін және бұл факультет үшін жақсы көрсеткіш екендігін атап өтті.

Сөз кезегін алған мәжіліс төрағасы Г.Ниязова берілген есепте ОПҚ оқу-әдістемелік жарияланымдары туралы деректерді университет Оқу-әдістемелік комитеті шешімдеріне сәйкес толықтыру қажеттігін айтты. 2024-2029 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспар аясында академиялық жұмысы бойынша жылдық есебін бекіту үшін толықтырулармен назарға алуды ұсынды.

Шешім 3.1

Факультеттің 2024-2029 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспар аясында академиялық жұмысы бойынша жылдық есебі (2024-2025 оқу жылы бойынша) назарға алынсын.

Төртінші мәселе бағдарламалық аккредиттеу, институционалдық аккредиттеу, постмониторинг жұмыстары нәтижелері туралы сөз алған Электр инженериясы кафедрасы меңгерушісі З.Абдикулова: 22.04.2025 ж. күні 7М07130-Электр энергетикасы білім беру бағдарламасы бағдарламалық аккредитациядан табысты өткендігін атап өтті. Бағдарламалық аккредиттеу оқу орны жүзеге асыратын, даярланатын түлектер сапасының кәсібіне сәйкестігін бағалауға арналған, жеке білім беру бағдарламаларының сапасын бағалауды көздейді. Осыған сәйкес эксперттер тобы университет және құрылымдық бөлім басшыларымен, оқытушы-профессорлар құрамы және студенттермен, сонымен қатар жұмыс берушілермен сұхбаттасуы жүргізді.

Сөз кезегін алған Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Ж.С.Калимбетова факультет білім беру бағдарламалары жоспарға сай бағдарламалық аккредиттеу, институционалдық аккредиттеу, постмониторинг процестерінен нәтижелі өткендігін ескере келе, берілген мәліметтерді назарға алып, қанағаттанарлық деп бағалауды ұсынды. Мәжіліс мүшелері ұсынысты бірауыздан қолдап дауыс берді.

Шешім: 4.1

Факультет білім беру бағдарламалары бойынша бағдарламалық аккредиттеу, институционалдық аккредиттеу, постмониторинг жұмыстары нәтижелері назарға алынып, қанағаттанарлық деп есептелсін.

Бесінші әртүрлі мәселелер бойынша сөз кезегін алған техн.ғ.к., доцент Г.Н.Қазбекова 8D06115-Ақпараттық жүйелер білім беру бағдарламасына талапкерлерді қабылдауға арналған түсу емтихандары бағдарламасымен таныстырды. Бағдарламада сұхбаттасуды бағалау критерийлері. Эссені бағалау түрлері мен критерийлері дескрипторлар арқылы нақтыланып берілетін сәйкес балл көрсетілген. Сонымен қатар, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтиханның құрылымы мен мазмұны, ұсынылатын эссе тақырыптары туралы мәліметтер берілген.


Оқуға дайындыққа тест өткізу рәсімі туралы ақпарат мазмұндалған. Докторантурада оқуға дайындық тесті сыни (қарапайым математика, ақпараттың әртүрлі формаларын интерпретациялау) және аналитикалық (академиялық және ғылыми-көпшілік мәтіндерді талдау, жасырын заңдылықтарды, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау) ойлау деңгейін анықтауға бағытталған. Аталған білім беру бағдарламасына талапкерлер қабылдаудың емтихан бағдарламасына енгізілген бейіндік пәндер: Ақпараттық жүйелер негіздері, Компьютерлік желілер және желілік технологиялар, Жасанды интеллект негіздері.

Сөз кезегін алған ОӘК төрағасы Г.Ниязова мәжіліс мүшелеріне 8D06115-Ақпараттық жүйелер білім беру бағдарламасына талапкерлерді қабылдауға арналған түсу емтихандары бағдарламасын бекітуге ұсыну үшін дауыс берулерін ұсынды. Мәжіліс мүшелері бірауыздан қолдап, дауыс берді.


Шешім: 5.1

8D06115-Ақпараттық жүйелер білім беру бағдарламасына талапкерлерді қабылдауға арналған түсу емтиханы бағдарламасы бекітуге университет Оқу әдістемелік комитетіне ұсынылсын.

**Факультеттің Оқу-әдістемелік
комитет төрағасы**

 - Г.Ж.Ниязова

Хатшы

 О.Д.Меирбекова